

БЕКІТЕМІН

КГКП «ІТ және жаңа технологиялар
жоғары колледжі» директоры
О.И. Сартаев



«ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжі» КМҚК ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету орталығы туралы Ереже

1. Педагогикалық қолдаудың мақсаты:

Студенттердің әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимылға жағдай жасау.

2. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңға, Білім беру мекемесінің Үлгілік ережесіне және «ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжі» КМҚК Жарғысына сәйкес әзірленген.

1.2. Бұл Ереже колледждің алқалы басқару органдарының бірі болып табылатын колледждік ата-аналар комитетінің (бұдан әрі – ата-аналар комитеті) қызметін реттейді.

1.3. Ереже әкімшіліктің жалпы отырысында қабылданады, колледж директорының бұйрығымен бекітіледі және күшіне енгізіледі. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар дәл осындай тәртіппен енгізіледі.

1.4. АПҚО (Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету орталығы) еріктілік негізде ІПР (жеке педагогикалық ресурстар) өкілдері, осы оқу жылында колледжде оқитын студенттердің ата-аналары қатарынан құрылады.

1.5. Орталықтың құрамына оның қызметін үйлестіретін тәрбие жөніндегі директордың орынбасары, педагог-психологтар, бөлімше меңгерушілері, кітапханашы және ата-аналар қауымдастығының өкілі кіреді.

1.6. АПҚО өз қызметінде Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясын, білім беру және әлеуметтік қорғау саласындағы жалпы, өңірлік және жергілікті заңнаманы, колледж Жарғысын, Үлгілік ережелерді, колледждің ішкі тәртіп қағидаларын және осы Ережені басшылыққа алады.

1.7. АПҚО қабылдайтын шешімдер мен іс-шаралар ұсынымдық сипатта болады. Тек директордың бұйрығымен расталған шешімдер ғана орындалуға індетті.

3. Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамыту үшін жүйелі педагогикалық қолдау ұйымдастыру;
2. білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
3. отбасылық тәрбие барысында балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге деген ата-аналардың мотивациясын арттыру.

4. Орталық қызметінің қағидаттары:

- ұлттық мәдениетке, құндылықтар мен дәстүрлерге сүйену;
- гуманистік бағыттылық;
- ата-аналарды ағартуда дифференциация және жекелендіру;
- қазіргі ғылым мен практиканың жетістіктерін пайдалану;
- кең әлеуметтік серіктестік, білікті сарапшылар мен ресурстық ұйымдарды тарту.

5. Ата-аналар комитетінің жұмысын ұйымдастыру

5.1. Комитет құрамына студенттердің ата-аналары (заңды өкілдері) ішінен бір жыл мерзімге сайланады.

5.3. Комитет құрамына жұмыс істеуге ниет білдірген және келісім берген ата-аналар (заңды өкілдер) кіреді.

5.4. АПҚО өз қызметін әзірленген, қабылданған және басшымен келісілген жұмыс регламенті мен жоспар негізінде жүзеге асырады.

5.5. АПҚО өзінің жұмысы туралы жалпы ата-аналар жиналысында күнтізбелік жылда кемінде бір рет есеп береді.

5.6. АПҚО отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі.

5.7. Комитет отырысының өкілетті болуы үшін оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысуы тиіс. Шешімдер қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

5.8. АПҚО құзыретіне қатысты мәселелер бойынша хат алмасу колледж атынан жүргізіледі, құжаттарға колледж директоры мен комитет төрағасы қол қояды.

5.9. Комитет өз отырыстары мен жалпы жиналыстарының хаттамаларын білім беру мекемесіндегі іс жүргізу нұсқаулығына сәйкес жүргізеді.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Ереженің қолданылу мерзімі шектелмейді. Директордың бұйрығымен күшіне енгізілген кезден бастап жаңа ереже қабылданғанға дейін қолданылады.

6.2. Колледж қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер өзгерген жағдайда, Ережеге белгіленген тәртіппен өзгерістер енгізіледі.